

«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ директорының 26.12.2011 № 06-11-ОД бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІ/ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ПОСТАККРЕДИТТІК МОНИТОРИНГ ПРОЦЕДУРАСЫ БОЙЫНША ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

1. Берілген ереже Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Сыртқы сарапшылық комиссиясының (бұдан әрі - ССК) ұсыныстарын іске асыру іс-шаралары аясында білім беру мекемелерін/оқу бағдарламаларын постаккредиттік мониторинг процедурасын жүргізу ережесін анықтайды.

2. Постаккредиттік мониторинг ССК ұсыныстарын іске асыруды бақылау мақсатында аккредиттелген білім беру мекемесінің және/немесе оқу бағдарламасының постаккредиттік мониторинг критерийлеріне сәйкес жүргізіледі.

3. Постаккредиттік мониторинг аясындағы сапар шығындарының барлығын, білім беру мекемесі мен Агенттіктің арасында басқа шарттар келісілмеген болса, білім беру мекемесі көтереді.

Постаккредиттік мониторинг бойынша аралық есептерді жасау процедурасы

4. Аккредиттік Кеңес отырысыннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде Агенттік білім беру мекемесін/оқу бағдарламасын 1, 3, 5 жылға аккредиттеуге немесе аккредиттеуден бас тарту туралы шешім қабылданғаны туралы білім беру мекемесіне ресми хат жазады.

5. Аккредиттеу туралы оң шешім қабылданған жағдайда, білім беру мекемесі хабарлама алғаннан кейін 60 күнтізбелік күннің ішінде Агенттікке ССК ұсыныстарына сәйкес сапаны жақсарту және жетілдіру бойынша білім беру мекемесінің бірінші жетекшісі қол қойып мөрмен бекіткен, формаға сәйкес (1 Қосымша) іс-шаралар Жоспарын ұсынады.

6. Агенттік Жоспарды 30 күнтізбелік күннің ішінде қарастырады және қажет болған жағдайда, білім беру мекемесіне өзгеріс және/немесе толықтыру енгізу туралы хабарлайды.

7. Агенттік, қажет болған жағдайда, сарапшыларды, соның ішінде ССК құрамындағы, Жоспарды сарапшылық бағалау үшін жұмысқа тартуға құқылы.

8. Аккредиттелген білім беру мекемесі және/немесе оқу бағдарламалары бойынша ССК есебі және рейтингтік зерттеулер нәтижесі посаккредиттік мониторинг жетекшісіне 3 (үш) айдың ішінде алдағы уақыттық жұмыс үшін беріледі.

9. Аккредиттелген білім беру мекемесі және/немесе оқу бағдарламалары ССК ұсыныстарын іске асыру іс-шаралары Жоспарына сәйкес аралық есептерді дайындау керек. Аралық есептер Агенттікке постаккредиттік мониторинг өтуінің болжамдық уақытына 2 (екі) ай қалғанда жіберілу керек.

10. Посаккредиттік мониторинг 3 (үш) және 5 (бес) жылдық аккредиттеу жағдайында кестеге сәйкес жүргізіледі.

	Аккредиттеу уақыты	
	3 жыл	5 жыл
Аралық есеп көрсету және сарапшылық сапар өткізу	Бір жарым жыл сайын	Екі жыл сайын

11. Аралық есепте аккредиттелген білім беру мекемесі және/немесе оқу бағдарламасына қатысты ССК ұсыныстарын іске асыру бойынша аккредиттеу туралы сертификат алған уақыттан бастап қызметі туралы ақпарат көрсетіледі. Одан басқа, аралық есепте аккредиттеудің стандарттары мен критерийлеріне сәйкес білім беру мекемесінің және/немесе оқу бағдарламаларының барлық өзгерістері көрсетілуі керек. Сонымен бірге, аралық есепке ол өзгерістерді енгізген туралы барлық корпоративтік құжаттар енгізіледі (бұйрықтар, ережелер, нұсқаулықтар және т.с.с.)

12. Аралық есеп берілмеген жағдайда Агенттік аккредиттеу туралы сертификаттың күшін тоқтатуға немесе жоюға құқылы.

Постааккредиттік мониторинг аясында ССК ұсыныстарын орындауды бақылау процедурасы

13. Агенттік білім беру мекемесі ұсынған ССК ұсыныстарын орындау бойынша аралық есепті, растау құжаттарымен бірге, зерттейді.

14. После изучения и анализа представленных организацией образования материалов по постаккредитационному мониторингу, Агентство информирует организацию образования по принятому решению о посещении либо не посещении Экспертной группой аккредитованной организации образования и/или образовательной программы для анализа данных представленных ранее промежуточных отчетов (согласование сроков и состава экспертов). Білім беру мекемесі ұсынған материалдарды зерттеп анализдегеннен кейін, Агенттік білім беру мекемесін бұрын көрсеткен аралық есеп мәліметтерін анализдеу үшін Сарапшылар тобының білім беру мекемесіне келу келмеуі туралы қабылданған шешім туралы ақпараттандырады (уақытты және сарапшылар құрамын келісу).

15. Сарапшылар сапары келесі жағдайларда белгіленеді:

- **3 (үш) жыл мерзімге** аккредиттелген жағдайда Сарапшылар тобы сертификат алғаннан кейін 1,5 жылдан кейін келеді;

- **5 (бес) жыл мерзімге** аккредиттелген жағдайда Сарапшылар тобы постаккредиттік мониторинг бойынша екі жылда бір рет келеді.

16. Сарапшылар тобын Агенттік Сарапшылық Кеңес Төрағасымен бірге қалыптастырады. Сарапшылар тобы екі сарапшыдан және Агенттіктің 2 (екі) кем емес қызметкерінен тұрады. Сонымен бірге, бір сарапшы білім беру мекемесін/оқу бағдарламасын аккредиттеген кезде ССК мүшелігінде болған болуы міндетті.

17. Постаккредиттік мониторинг аясында ССК ұсыныстарын іске асыруды анализдеу үшін Агенттіктің Сарапшылар тобының білім беру мекемесінде болу ұзақтығы 2 (екі) күнтізбелік күннен артық емес.

18. Постаккредиттік мониторинг оны өткізу критерийлеріне сәйкес жүргізілуі керек.

19. Сапар аяқталғаннан кейін 7 (жеті) күнтізбелік күннің ішінде Сарапшылар тобы постаккредиттік мониторинг аясында аккредиттелген білім беру мекемесіне және/немесе оқу бағдарламасына сапарының нәтижесі туралы есеп жасайды (барабарлық, сәйкестік, нәтиже).

Постаккредиттік мониторинг критерийлері

20. Постаккредиттік мониторинг критерийлері индустриалдық және мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сай анықталады және келесі анықтауларға байланысты:

- білім беру мекемесі іс-әрекеті мен ССК ұсыныстары арасында қайшылықтардың болмауы;
- білім беру мазмұнының жағымды өзгерістері, формасы және оқыту әдісі және білімді бағалау, оқу құжаттамасы, оқушылардың академиялық мобилділігі сапасы;
- білім беру сапасын жақсарту.

Постаккредиттік мониторинг нәтижелері бойынша шешім қабылдау

21. Көрсетілген аралық есептер және постаккредиттік мониторинг бойынша Агенттіктің Сарапшылар тобының есебі Аккредиттік Кеңеске ССК ұсыныстарын іске асыру сұрағын қарастыруға жіберіледі.

22. Білім беру мекемесі ССК ұсыныстарын орындамаған жағдайда Агенттік келесі шешімдерді қабылдауға құқылы:

- Сайтта сәйкес ақпаратта жариялауға;
- білім беру мекемесінің және/немесе оқу бағрамасының аккредитациясын белгілі бір уақытқа уақытша тоқтатуға;
- Білім беру мекемесінің және/немесе оқу бағдарламаларының аккредитациясын Агенттіктің аккредиттелген білім беру мекемелері және/немесе оқу бағдарламалары тізімінен алып тастау арқылы, сонымен қатар 2 және/немесе 3 Ұлттық тізілімнен алып тастау мақсатында ҚР БҒМ Аккредиттік Кеңесін ақпараттандыру арқылы кері қайтарып ала алады.

23. Аккредиттеуді уақытша тоқтату жағдайында, білім беру мекемесі берілген уақыт ішінде барлық кемшіліктерді жою қажет, сонда сертификат қайта жаңғырады. Орындамау қайталанған жағдайда аккредиттеу туралы сертификат қайтарылып алынады.

Аккредиттік Кеңес шешімі және Сарапшылар тобының есебі білім беру мекемесіне 7 (жеті) күнтізбелік күн ішінде жеткізіледі.

**Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінің
сыртқы сарапшылық комиссиясының ұсыныстарын
іске асыру бойынша білім беру мекемесінің (оқу
бағдарламасының) іс-шаралар жоспары**

№ п/п	ССК ұсыныстары	Ұсыныстарды орындау бойынша іс- шаралар	Орындау мерзімі	Орындауға жауапты

арта